



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 38/423

25 сентября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

Ұлық мерекені ұлықтау

### ҚҰРБАН АЙТ МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

Ибраһим пайғамбардың заманынан бері қарай исі мұсылман қауымының бұзылмас дүстүріне берік енген, ең ұлық мейрамы саналатын құрбан айт мерекесінің таны құдайдың құдіретімен аптаның қасиетті күндерінің бірі саналатын бейсенбі күні жадырай атып еді. Күн тұсау бойы көтерілісімен-ақ, айт намазына ниеттенген қала тұрғындары мешіт тарапты бетке алған болатын. Құрбан айт намазы сағат 7.30-ға белгіленгенімен, ниетті жұрттың қарасы мешіт маңайында мерзімді уақыттан әлдеқайда ерте көрінген. Ұлық мейрамның ұлылығын қадірлей білетін, жаратқан иенің хикметіне шын ниетімен сенген қауым мешіт табалдырыңын аттасымен-ақ сонда орнатылған жәшікке көңілдерінен шыққан садақаларын салып жатты. Намаз уақыты болысымен қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлы жиналған жамағат алдында құрбан айт мейрамы жайлы арғы заманнан бері келе жатқан ғибратты әңгіме төңірегінде сөз қозғап, одан соң кешелі-бұрынды өзіміздің қатарымызда жүрген, бәріміздің ардақтыларымыз бен жақын-жуықтарымыз болған, бүгінде өмірден өтіп кеткен әруақтардың рухына арнап құран бағыштады.



еді. Ел қарасы толыққан соң айт намазы басталып, ниеттелген ел сапқа тұрды... Жиналған жамағаттың арасында мемлекеттік қызметші де, кәсіпкер де, әскери қызметші де, ел ағалары да, қарапайым жұмысшы мен мектеп оқушысы да бір сапта тұрып, Жаратқан ие алдында бір ниет, бір ықылас, бір тілекпен құлшылық жасады. Айт намазы аяқталған соң жиылған қауым бір-бірімен амандасып, бір-

Бұл кезде мешіттің екі қабатындағы намаз оқитын бөлмелер айт намазына жиналған жұртпен лық толған еді. Бір қуантарлығы, еңкейген қарттан бастап, ес жиып, етек жапқан балаға дейін айт намазына бір кісідей жиылуы

бірлерін құрбан айт мерекесімен құттықтасып жатты. Қала имамының жариялауымен, құрбандық шалуға ниеттенгендер мал шалатын орындарға аттанды да, өзге ел ұлық мейрамды тойлауға, жақын-жуықтарын құттықтауға бет алды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Суретте: айт мейрамынан көріністер.  
Суретті түсірген автор

Қазақ хандығына 550 жыл

### ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Елбасының тапсырмасымен 2015 жыл Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау жылы деп жарияланғаннан бастап мерейтойға қызу дайындық басталып кетті. Қазақ елі егемендік пен елдікті, татулық пен тұрақтылықты, отансүйгіштік пен патриотизмді насихаттайтын бұл атаулы мерейтойды ғасырлап күтті.

Осы орайда Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына еліміздің әр өңірінде біршама іс-шаралар атқарылуда. Аталмыш мерекеге орай Приозерск қаласында 2015 жылдың 19 қыркүйегі күні қалалық орталық алаңда бірнеше іс-шаралар



легі ұйымдасқан түрде өтті. Біздің жыл санауымыздың 1465-1466 жыл-

дары қазақ халқының түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап, саяси бөлшектенуін жоюға әрекет жасау Жошы ұрпақтары – Керей мен Жәнібектің үлесіне тигені баршамызға мәлім. Осы кезең көрінісін көз алдымызға елестету үшін іс-шараның шымылдығы арнайы театрландырылған көрініспен ашылды.

Бір сөзінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық» дейді. Осы жолда ел қосылса құт дегендей Қазақ хандығының 550 жылдығын қаламызда мерекелеу аясында шет жерде жүрген қандастарымыздың елге орала бастағанына 20 жыл толуы да осы мерекемен тұспа тұс келіп тұр.

Жоғарыда айтылған мерекелермен қала тұрғындарын «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.Дүйсембаев құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Сонымен қатар, шара барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ел аналары Күміс алқа наградасымен, бірнеше қызметкерлер Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментінің алғыс хатымен марапатталды.

### ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА С ПРАЗДНИКОМ КУРБАН АЙТ

Уважаемые соотечественники!

Сердечно поздравляю всех казахстанцев со священным праздником мусульман - Курбан айт! Благодарный праздник Курбан айт призывает всех к миру, согласию, взаимопониманию и сочувствию.

Первый день Курбан айта моим решением объявлен выходным днем.

В наши дни этот священный праздник способствует укреплению единства народа Казахстана, взаимопонимания между представителями различных этносов и религий.

Курбан айт подразумевает собой совершение благих поступков, воспитывает в людях великодушие и отзывчивость.

Этот праздник вносит весомый вклад в упрочение таких гуманистических традиций, как помощь нуждающимся, находит свое отражение в чистоте помыслов и добрых поступках, которые укрепляют нравственные начала в обществе.

Уверен, что созидательный потенциал ислама, основываясь на развитии духовно-нравственных ценностей, духа патриотизма, будет и



далее служить укреплению мира и межконфессионального согласия в обществе.

Желаю всем казахстанцам крепкого здоровья, счастья и благополучия!

источник: <http://www.akorda.kz>

### ПОСЕЩЕНИЕ МЕЧЕТИ «ХАЗРЕТ СУЛТАН»

Глава государства посетил мечеть «Хазрет Султан» и побеседовал с верующими, поздравив казахстанцев и мусульман всего мира с праздником Курбан айт.

-В этот день люди сближаются и прощают друг друга обиды. Поэтому праздник выполняет объединяющую роль. Наш народ с получением Независимости снова начал широко исповедовать ислам. Благодаря этому, мы стали едины, обрели мир, продолжая двигаться по пути развития, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев также обратил внимание на основные причины конфликтов в современном мире.

-Во-первых, это споры за территории. Во избежание подобного мы очертили свои границы

посредством договоренностей с соседними странами. Во-вторых, межэтнические конфликты. Считаю свою нацию выше других - самый большой грех. Мы в Казахстане обеспечили единство многонационального народа. Уважая каждого, вне зависимости от этнической принадлежности, мы укрепили стабильность в стране. В-третьих, межрелигиозные столкновения, которые сегодня происходят во всем мире. Мусульмане нашей страны привержены своей религии, уважая другие. На этой основе мы обеспечили единство и дружбу народа. Поэтому я призываю, чтобы наш народ в своей вере выбирал путь добра и милосердия и воспитывал подрастающее поколение в этом ключе, - сказал Глава государства.

источник: <http://www.akorda.kz>

Мерекелік бағдарлама аясында елдіміздің 550 жылдық дүбірлі тойында қаламыздағы бүкіл мекемелер қатысып жатқан ас атасы нанның құрметіне «Бауырсақ фестивалі» ұйымдастырылды. Қала тұрғындары ұлттық тағам саналатын бауырсақ түрлерінен дәм татып, мәрсәре болды. Ал, спортшылар ұлттық ойындарда бақтарын сынады.

Атамыз қазақ «алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген даналықты ежелден ұстанып, жасы келген адамдарды ақылдың кеніші, істің көзін білетін тәжірибесі мол жандар деп оларға құрметпен қараған. Сөйтіп, үлкеннің жасын ғана сыйлап қоймай, оның бойына жинаған білімін, мол тәжірибесін пайдалануды да ұмытпаған. «Қариясы бар ауыл – қазынасы бар ауыл» деген нақылдың осындай пайымынан туғаны анық. Осы ұранмен елімізде 15 қыркүйек күні тойланатын Отбасы күні мерекесіне арналған «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты аталар байқауы да іс-шаралар легін құрады.

Жалпы байқауға түскен қарияларымыз өзінің таныстыру, «Батаменен ел көгерер» деген саликалы сөзді ұстанып бата беру, сұрақ-жауап



сынды кезең бойынша сынға түсті. Байқаудың қорытындысы бойынша Утарбаев Берекет Тұрмаханұлы атамыз осы кезеңдерден сүрінбей өтіп, жүзден жүйрік атанды.

Іс-шаралар барысында қаламыздың көркем-өнерпаздары мың бұрала би билеп, әннен шашу шашты.

Ф.И.Илкібаева

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы



**ЖОБА**

**ПРОЕКТ**

**Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 және 2016 жылдарға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 және 2016 жылдарға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы «...»  
№... қаулысына қосымша

**Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2015 и 2016 годы в дошкольных организациях города Приозерск**

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2015 и 2016 годы в дошкольных организациях города Приозерск согласно приложению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

Приложение к постановлению  
акимата города Приозерск  
от «...» 2015 года №...

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ 2015 ЖӘНЕ 2016 ЖЫЛДАРҒА БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ, ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АТА-АНАНЫҢ АҚЫ ТӨЛЕУ КӨЛЕМІ**

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (тенге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (тенге)		Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге) кем емес	
		Мемлекеттік	Жеке-меншік	Мемлекеттік	Жеке-меншік	Мемлекеттік	Жеке-меншік	Мемлекеттік	Жеке-меншік
1.	Балабақша	510	-	22208	-	7500	-	22208	-
2.	Мектепке дейінгі шағын орталық	130	-	14224	-	7500	-	14224	-

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕР ПОДУШЕВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ И РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В РАСЧЕТЕ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА НА 2015 И 2016 ГОДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК**

№	Вид дошкольной организации образования	Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения		Размер подушевого финансирования дошкольных организаций в месяц (в тенге)		Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге)		Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц не менее (в тенге)	
		Государственный	Частный	Государственный	Частный	Государственный	Частный	Государственный	Частный
1.	Детский сад	510	-	22208	-	7500	-	22208	-
2.	Дошкольный мини-центр	130	-	14224	-	7500	-	14224	-

*Мемлекеттік бағдарламаның орындалысы*

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТУРАЛЫ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША 2015 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ**

Приозерск қаласының Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2015 жылы келесі жұмыстар атқарылды. Атап айтар болсақ, Мұқағали Мақатаев атындағы «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты жас ақындардың конкурсы, Мағжан Жұмабаевтың туған күніне арналған «Мен жастарға сенемін» атты қалалық байқауы, «Тіл – достық бірлігі» Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік бағдарлама, «Үздік іс жүргізуші» атты қалалық байқауы, «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» атты онкүндік және қалалық ақындар поэзия кеші, Оралхан Бөкей атындағы көркем сөз оқу шеберлерінің қалалық байқауы, қалалық Пушкин оқулары және мектеп оқушылары арасында «Тілдарын-2015» тілдің ұлтұғырлығын насихаттайтын олимпиада. Ұйымдастырылып өткізілген іс-шаралардың мақсаты мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және дамыту болып табылады.

2015 жылы мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру жұмыстары өз жалғасын тапты. Аталған курстар ҚАЗТЕСТ стандарты негізінде базалық «А2» деңгейі бойынша өтіп, 20 адам қамтылды. Оның 24-і мемлекеттік қызметкерлер, 16-сы азаматтық қызметкерлер.

Қалалық әкімдіктің жанында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамаларын жүзеге асыру жөніндегі комиссия жұмыс жүргізуде.

Комиссиясының 2015 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тоқсан сайын қаладағы барлық нысандардағы көрнекі ақпарат пен жарнамалардың «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы және «Жарнама туралы» ҚР

Заңының талаптарына сәйкестілігін бақылау бойынша рейд жүргізіліп отырады. Есептік кезеңде 110-ға жуық жеке кәсіпкерлердің нысандарында жүргізілген рейд барысында анықталғаны: қалалық базарда орналасқан butikтердің 7-ін мандайша жазулары заңға қайшы тек орыс тілінде рәсімделген. Заңбұзушылық анықталған жағдайда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жеке кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетіледі.

Қалалық әкім аппараты және әкімдіктің бөлімдерінде ай сайын іс жүргізу құжаттарына мониторинг жасалып бақылау жүргізіліп отырады. Есептік кезеңде мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттарының көрсеткіші – 95 %.

Мемлекеттік тілді қолдау және оны дамыту жұмыстарын насихаттау мақсатында 2015 жылдың 8 айында жергілікті «Приозерский вестник» газетінде 14 мақала жарияланды.

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өтетін іс-шараларға біздің қаламыздың жастары да қатысып отырады. Атап өтетін болсақ, Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған үштілді меңгерген жастар арасында «Тіл шебері» облыстық байқауына Қырықбаев Әсет және «Үздік іс жүргізуші» облыстық байқауына Ілкібаева Фарида қатысып, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру үшін 2014 жылы жергілікті бюджеттен 1168,0 мың тенге қаржы жұмсалды.

**Г. Шәрбекова,**

*Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы*

*Мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау және бақылау*

**ҚАЗТЕСТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ**

Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына орай, бүгінгі күні елімізде мемлекеттік тіл саясатын дамыту мәселесіне зор көңіл бөлінуде. Қазақ тілін кеңінен қолдану бағытында үкімет тарапынан бірқатар жұмыстар жасалуда.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін білім берудің барлық сатыларында мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау және бақылау мақсатында негізгі көрсеткіш – «ҚАЗТЕСТ» жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан аумағында қызметін жүзеге асыратын шетел азаматтарының мемлекеттік тілді білу деңгейін білуді бағалаудың отандық жүйесі - «ҚАЗТЕСТ» бағдарламасы 2013 жылдан бастап біртіндеп жүзеге аса бастаған болатын.

Тіл саясатын тиімді жүзеге асырудағы нысаналы индикатордың басты көрсеткіші –

«ҚАЗТЕСТ» сертификаты болып табылады.

Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша 2015 жылдың қазан айында «ҚАЗТЕСТ» жүйесіне байланысты Приозерск қаласында әр салада қызмет ететін мекеме басшылары мен қызметшілерін сертификаттық және диагностикалық тест тапсыруға қамту жұмысы жоспарланып отыр.

Сертификаттық тест тапсыруға алдын-ала дайындау мақсатында ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен дайындық курстары ұйымдастырылды.

Нәтижесінде 4 дайындық тобы құрылып, оларға сабақ өткізілу кестелері жасалды. Бүгінде дайындық сабақтары аптасына 2 рет өтуде.

**Дулатова Ж.Т.,**  
*«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары*

*спортивные новости*

**ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН ПРИЗНАН ЛУЧШИМ БОКСЕРОМ МИРА ВНЕ ЗАВИСИМОСТИ ОТ ВЕСА**

**Чемпион мира по версиям WBA (Super), IBO и WBC (Interim) казахстанец Геннадий Головкин победил в голосовании The Ring за звание лучшего боксера мира вне зависимости от весовой категории (Pound-for-Pound, P4P), сообщают Vesti.kz.**

За казахстанца проголосовали 72 процента участников опроса (69 071 человек). Второе место занял никарагуанский боксер Роман Гонсалес (24 процента голосов), а тройку лидеров замкнул филиппинец Мэнни Пакияо (1 процент голосов). Подробнее читайте здесь.

Отметим, что The Ring решил провести данное голосование после того, как лучший боксер мира вне зависимости от весовой категории американец Флойд Мейвезер-младший объявил о завершении карьеры. Напомним, следу-



ющий свой бой Геннадий Головкин проведет 17 октября в Нью-Йорке на арене Madison Square Garden против канадца Давида Лемье. В Казахстане его можно будет увидеть на телеканале "Казахстан".



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!**  
СІЗДЕР ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНА ӨТІНІШ ЖОЛДАЙ АЛАСЫЗДАР!

Арызданушы ХҚКО-на өтініш тапсырады. Прокуратура қызметкері өтінішті қарайды және жауап жолдайды.

ХҚКО-ның қызметкері өтінішті қабылдайды, оның түпнұсқасын және оған қоса тіркелген құжаттарды сканерлейді, арыз ісінесе прокуратура органының өтінішті қабылдағаны жөнінде қолхат және талон береді.

Арыз ісінесе жеке куәлігін көрсеткен жағдайда ХҚКО-ның қызметкері өтініштің жауабын береді.

Арыз ісінесе өтініштің қаралу барысы туралы ақпаратты 115 нөміріне тегін қоңырау шағу арқылы алуына болады.

**УВАЖАЕМЫЕ ГРАЖДАНЕ!**  
ВЫ МОЖЕТЕ ПОДАТЬ СВОИ ОБРАЩЕНИЯ, АДРЕСОВАННЫЕ В ОРГАНЫ ПРОКУРАТУРЫ ЧЕРЕЗ ОБЛАСТНЫЕ ЦЕНТРЫ ОБСЛУЖИВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ!

Заявитель сдает обращение в ЦОН. Сотрудник прокуратуры рассматривает обращение и направляет ответ.

Работник ЦОН принимает обращение, сканирует его оригинал и приложенные к нему документы, выдает заявителю расписку и талон органа прокуратуры о приеме обращения.

Заявитель по адресу через ЦОН. Работник ЦОН осуществляет выдачу заявителю ответа на обращение при предъявлении удостоверения личности.

О ходе рассмотрения обращения заявитель может получить информацию позвонив в Call-центр по бесплатному номеру 115.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

АҚТАУДАҒЫ ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ҚАЗА БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

ПО ФАКТУ ГИБЕЛИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ В АҚТАУ ПРОВОДИТСЯ ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ

Қорғаныс министрлігінің 25744 әскери бөлімінің төрт мерзімді әскери қызметкерінің қаза болуына байланысты а.ж. 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 453-бабының 2 бөлігі – ауыр зардаптарға әкеп соққан қызметке салғырт қарау бойынша сотқа дейінгі тергеу өндірісі басталды.

Осы оқиға бойынша Бас әскери прокуратураның арнайы прокурорының басшылығымен жедел-тергеу тобы құрылды.

Аталған төтенше оқиғаның нақты мән-жайын анықтау үшін қазіргі кезде тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Сотқа дейінгі тергеу бақылауға алынды.

Қылмыстық істі тергеудің жүрісі мен оның нәтижесі туралы жұртшылыққа және бұқаралық ақпарат құралдарына қосымша хабарланатын болады.

По факту гибели четырех военнослужащих срочной службы воинской части 25744 Министерства обороны на учениях в Актауском гарнизоне 18 сентября т.г. начато досудебное расследование по статье 453 части 2 Уголовного Кодекса Республики Казахстан – халатное отношение к службе, повлекшее тяжкие последствия.

По данному факту создана следственно-оперативная группа под руководством специального прокурора Главной военной прокуратуры.

В настоящее время проводятся следственные действия для установления фактических обстоятельств чрезвычайного происшествия.

Досудебное расследование находится на контроле.

О ходе и результатах расследования уголовного дела общественность и средства массовой информации будут проинформированы дополнительно.

Бас әскери прокуратура

Главная военная прокуратура

Құрметпен, Ақпараттық жоспарлау қызметі  
ҚР Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі  
www.ortcom.kz  
Call-центр: 8 (7172) 559-338  
тел.(факс): 8 (7172) 559-333  
СНП: 8 (7172) 559-340, 8 (7172) 559-345

С уважением, Служба информационного планирования  
Служба Центральных Коммуникаций при Президенте РК  
www.ortcom.kz  
Call-центр: 8 (7172) 559-338  
тел.(факс): 8 (7172) 559-333  
СНП: 8 (7172) 559-340, 8 (7172) 559-345

*Наркомания разрушает общество, порождая преступления, распространяя болезни, такие, как СПИД, и убивая нашу молодежь, а с ней и наше будущее.*  
Кофи Аннан

Коррупции нет!

О СОСТОЯНИИ БОРЬБЫ С НАРКО-ПРЕСТУПНОСТЬЮ И ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКИ ОБ ЭТИХ ПРЕСТУПЛЕНИЯХ

НАРОД ПРОТИВ КОРРУПЦИИ

Среди повседневных социальных проблем общества одной из самых острых является проблема наркомании. Предпринимаемые меры по борьбе с распространением наркомании и наркопреступностью не дают ожидаемых результатов.

Наркомания – не болезнь в обычном смысле слова. Но это и не обыкновенный порок из числа тех, что присущ здоровым людям. Наркомания – это тотальное поражение личности, к тому же, в большинстве случаев сопровождающееся осложнениями со стороны физического здоровья. Это значит, что человек, ставший наркоманом, постепенно уничтожает свои лучшие нравственные качества; становится психически не вполне нормальным; теряет друзей, семью, работу; вовлекается в преступную среду; приносит бедную несчасть себе и окружающим и, наконец, медленно и верно разрушает свою жизнь. Наркомания представляет собой угрозу национальной безопасности страны.

В современном мире незаконный оборот наркотиков и рост наркомании являются не менее опасными для любого государства и общества, чем терроризм и экстремизм.

Наркоторговля – явление, с которым крайне сложно бороться и тем более полностью его искоренить, по крайней мере, в ближайшем будущем. Ведь пока есть спрос, будет и предложение. Если же учитывать огромную прибыль, которую получают наркодельцы, вряд ли стоит ожидать от них добровольного отказа от своего бизнеса даже под страхом смертной казни.

Да, наркотики – это проблема для всех государств, кроме, может быть, тех закрытых обществ, где решают эту проблему очень просто:

отсечением головы любому замешанному в наркodelе, включая и иностранцев. Как говорится: «нет человека – нет проблемы». Демократические, открытые общества, к которым относит себя и Казахстан, так поступать не могут.

У нас есть свои законные методы борьбы с этим злом. Отечественное законодательство является одним из самых жестких среди стран СНГ – за контрабанду, сбыт, вовлечение несовершеннолетних в наркопреступления предусмотрены санкции от 3-7 до 15-20 лет лишения свободы вплоть до пожизненного срока.

Наркотики представляют серьезную опасность для здоровья и благополучия общества, независимости и стабильности государства, демократии. Глава нашего государства постоянно выражает озабоченность масштабами незаконного распространения наркотиков. Не случайно в книге Н.А. Назарбаева «Критическое десятилетие» анализу наркопреступности посвящена отдельная глава - «Зона особого внимания», в которой распространение наркомании и наркобизнеса определяется как «серьезный вызов безопасности страны».

Проблема борьбы с наркопреступностью для Казахстана не нова. Актуальность и злободневность обозначенной проблемы состоит в том, что общая площадь произрастания наркосодержащих растений в Казахстане составляет более 1 млн. га. Кроме того, из-за своего географического положения территория Казахстана стала транзитным «коридором» для перевозки наркотиков из Азии, в первую очередь из Афганистана в Европу.

Тема коррупции постоянно находится в центре внимания общественности Казахстана. Принятие 2 июля 1998 года в дополнение к Уголовному кодексу Закона Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» свидетельствует о решимости государства под руководством Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. принять все необходимые меры по борьбе с коррупцией в государственных органах. На укрепление и охрану демократического образа жизни в нашем государстве направлены моральные, правовые, политические и другие социальные нормы нашего общества, их соблюдение должно быть для каждого человека естественной потребностью, непреложным внутренним законом.

Главным же достижением в противодействии коррупции является изменение сознания населения – коррупция стала восприниматься им не просто, как нарушение закона, а как опасность, угрожающая развитию государства.

Предполагается, что противодействие коррупции должно являться не только постоянной функцией государства, но и заботой всего общества, что требует создания стабильных институциональных основ ограничения коррупции.

Поскольку коррупция представляет собой явление, обладающее многоструктурным и многоуровневым содержанием, разработка мер борьбы с ней предполагает комплексный подход, а также активное привлечение к процессу противодействия коррупции представителей всех заинтересованных сторон, в том числе, населения и общественных институтов.

Без привлечения общественности невозможно эффективно противостоять бытовой и низовой коррупции, поскольку на нижних уровнях управления коррупция может быть блокирована

вана в первую очередь деятельностью самих граждан и создаваемых ими институтов гражданского общества.

Вместе с тем, усилия, предпринимаемые в области противодействия коррупции, все еще не дают желаемых результатов. Сохраняются высокие коррупционные риски и угрозы для жизнедеятельности государства, общества и человека, что ставит вопрос об уровне эффективности принимаемых в стране правовых мер в данной области.

Стало очевидным, что ужесточение механизмов борьбы с коррупцией само по себе не может стать эффективным средством снижения ее уровня, а усиление наказания за коррупционную деятельность должно сопровождаться другими комплексными мерами противодействия коррупции во всех сферах. Характерной чертой настоящего этапа противодействия коррупции должен стать его общенародный характер, базирование на принципах партнерства субъектов антикоррупционной политики, приоритета мер предупреждения коррупции и нравственных начал в борьбе против коррупции.

Коррупция - это нравственная проблема нашего государства и всего общества, и только при четком, добросовестном выполнении задач, стоящих перед государственными служащими, сплоченности общества в борьбе с любыми видами проявления коррупции, заинтересованности правоохранительных органов по обеспечению правопорядка в нашей стране станет возможным сведение к минимуму коррупционных правонарушений.

Едельханова Е.Е.,  
старший прокурор отдела формирования правовой статистики  
Управления КПСусу ГП РК по Карагандинской области, юрист 1 класса

наркoбизнеса, борьба должна носить скоординированный и всеобъемлющий характер.

Едельханова Е.Е.,  
старший прокурор отдела формирования правовой статистики  
Управления КПСусу ГП РК по Карагандинской области, юрист 1 класса

